



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Маусым 2023


2023 жылғы маусымда айлық инфляция 0,5% пайыз болып, 2017-2019 жылдардың маусымындағы орташа инфляция мәні деңгейінде қалыптасты (0,5%)¹. Бір жылдағы баға өсімі төрт ай қатарынан баяулап, 14,6%-ға дейін жетті, бұл 2022 жылғы наурыз-маусымдағы жоғары айлық мәндері есебінен шығуға байланысты болды.

Азық-түлік ішінде жеміс-көкөніс бағасының маусымдық арзандауы байқалды. Қарақұмық жармасы мен күнбағыс майының бағасы арзандап келеді. Азық-түлік емес тауарлар ішінде фармацевтика өнімдері, киім-кешек пен аяқ киім қымбаттады. Ақылы қызметтерден амбулатория, шаштарараз қызметінің, сондай-ақ демалыс, мәдениет және ойын-сауық қызметінің қымбаттағаны байқалады. Коммуналдық қызметтер ішінде су тарту және қоқыс шығару тарифінің бағасы өсті, ал ыстық судың бағасы, керісінше арзандады.

Инфляция құрылымындағы инфляцияның барлық компонентінің жылдық өсу қарқыны баяулағаны байқалады. Сонымен қатар, 2023 жылғы мамырға дейін негізгі болып келген азық-түлік инфляциясының жалпы қымбатшылыққа әсері төмендеді.

Маусым айындағы маусымдық факторлардан тазартылған инфляция өткен айдағы деңгейде қалды. Жеміс-көкөніс пен жұмыртқа бағасының да маусымдық арзандауы байқалады, сонымен қатар жазғы туристік тауарлар мен қызметтер қымбаттап отыр (1-кесте).


1-кесте. Инфляция көрсеткіштері, а/а



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулері

¹ 2021 жылғы маусымда ұсыныс шогы аясында көкөністің кей түрінің бағасы күрт өскеніне байланысты айлық инфляция 1,1% болғанын айтып ету керек. 2021 жылғы маусымдағы инфляция деректерін тарихи норма есебінен алып тастағанда, 2017-2020 жылдар ішіндегі маусым айындағы инфляция орташа есеппен 0,3% болды. Осылай байланысты 2023 жылғы маусымдағы айлық инфляция елі де орташа тарихи нормадан жоғары болып отыр.

Әртүрлі әдіспен есептелген базалық инфляцияның медианасы 2023 жылғы мамырда жеделдеп, маусымда баяулады (2-кесте).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулері


Азық-түліктің жылдық инфляциясы одан әрі баяулап, 2023 жылғы маусымда бағаның жылдық өсімі 14,6% болды (2023 жылғы мамырда – 16,5%). Барлық тауар тобының жылдық өсімге әсерінің төмендеуі байқалады. Қымбатшылыққа негізінен нантоқаш өнімдері мен жарма, ет және ет өнімдері, сүт өнімдерінің бағасы әсер етеді (3-кесте).

Нантоқаш өнімдері мен дәнді дақылдар ішінде өткен жылы аз өнім берген күріш бағасының бір айдағы өсімі жалғасып отыр. Сонымен қатар, қарақұмықтың біршама қоры болғандықтан, қарақұмық жармасының бағасы жыл басынан бері арзандап келеді.

Күнбағыс дәніне экспорттық баж салығын енгізgelі бері бес ай бойы күнбағыс майы бағасы арзандап жатыр, сондай-ақ майлы дақылдардың әлемдік бағасы да түсүде. Жеміс-кекөніс ішінде ұсыныстың маусымдық өсуі нәтижесінде қырыққабат, пияз, қызылша, қияр, қызанақ, сарымсақ және тәтті бұрыш бағасы арзандап отыр. Жұмыртқа бағасы да екі ай қатарынан арзандады.

Екінші жағынан, азық-түлік өндірушілері үшін электр энергиясының қымбаттағаны байқалады. Сондай-ақ ірі қара малдың қымбаттауы ет пен сүт өнімдерінің бағасының қымбаттауына әкелді. Қант бағасы тоғыз ай бойғы қысқарудан кейін әлемдік нарықтағы бағаның қымбаттауына байланысты өсіп отыр.

3-кесте. Тауарлар бағасының жылдық азық-түлік инфляциясындағы үлесі



Дереккөз: КР СЖРА ҰСБ, КР ҰБ есептеулері

Азық-тұліктің кей түрінің қымбаттау динамикасы сыртқы бағадан да жоғары болып отыр. Мәселен, 2023 жылғы маусымда теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбастау бағамы өзгеріссіз деуге болады. Дәнді дақылдардың теңгедегі әлемдік бағасы егін мол болады деген болжам мен жеткілікті ұсыныстың негізінде төмендеп келеді. Ал ішкі нарықта нан-тоқаш өнімдері мен жармасы бағасының қымбаттауы ішкі өндірістің айтарлықтай шығынына, сондай-ақ жарманың жекелеген түрінің ұсынысы төмендегеніне байланысты жалғасып отыр.


Маусым айында ет бағасының әлемдік индексінің динамикасы өзгермеді. Десекте, ірі қара мал шаруашылығымен айналысатындар үшін электр энергиясының қымбаттауына байланысты ішкі баға өсті.

Ақпан-мамыр айларында айтарлықтай өскеннен кейін Бразилиядағы мол өнім мен әлемдік сұраныстың төмендеуіне байланысты маусымда қанттың сыртқы бағасы төменdedі. Алайда маусымда ішкі баға өсіп, әлемдік нарықтағы алдыңғы айлардың динамикасын көрсете бастады.


Экспорт ұсынысы көлемінің үлғаюы өсімдік майларының әлемдік бағасы түсірді, сонымен қатар құнбағыс дәндеріне экспорттық баж салығын енгізу нәтижесінде ішкі баға төмендей отыр (4-кесте).

4-кесте. Кей азық-тұлік тауарларының әлемдік және ішкі бағасының динамикасы²

Дәнді дақылдардың әлемдік бағалары мен нан-тоқаш өнімдерінің, жарма мен ұнның ішкі бағалары, теңге, 2019 жел.=100



Қанттың әлемдік және ішкі бағасы, теңгемен, 2019 желт. = 100




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулері

2023 жылғы маусымда **азық-тұлік емес тауарлардың** бағасының жылдық өсімі 15,8%-ға дейін баяулады (2023 жылғы мамырда – 17,2%) (5-кесте).

Жеке пайдалануға арналған тауарлар бағасының жылдық өсімі ақпандары 40,5%-дан маусымда 24,6%-ға дейін, тұрмыстық заттар 31,2%-дан 20,7%-ға, құрылыш материалдары 25,5%-дан 13,5%-ға баяулады.

Импорт бағасының өсуі және өндіруші кәсіпорындардың бағасының қымбат болуы фармацевтикалық өнімдердің қымбаттауына әкелді. Сонымен қатар, сыртқы бағаның өсуі киім мен аяқ киімнің ішкі бағасының өсуіне де әсер етті. Бұл ретте импорт автомобильдерінің бағасы арзандап жатыр.

Еттің әлемдік және ішкі бағасы, теңгемен, 2019 желт. = 100




Өсімдік майларының әлемдік және ішкі бағасы, теңгемен, 2019 желт. = 100



² 2019 жылғы желтоқсаннан бері тиісті индекстердің өзгеруі (желтоқсан 2019 = 100) теңгегенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамын ескергенде


5-кесте. Тауарлардың азық-тұліктен басқа инфляциядағы үлесі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулери

2023 жылғы маусым айында ақылы қызметтердің бағасы жылдық мәнде 13,3%-ға өсті (2023 жылғы мамырда – 13,5%) (6-кесте). Биылғы маусымда дәрігер мамандардың, медбикелер мен акушерлердің, сондай-ақ медицина зертханалары қызметтерінің бағасы айтартылғанда өсті. Шаштараз бен жеке қызмет көрсету мекемелері мен демалыс, ойын-сауық және мәдениет қызметтерінің қымбаттауы жалғасып отыр. Қоғамдық татақтандыру қызметтерінің құны өсті. Көлік қызметтерінің құрылымында әуе билеттерінің бағасы едәуір өсті, ал теміржол тарифтері арзандады. Коммуналдық қызметтердің ішінде су бұру тарифтері 1,3%-ға, қоқыс шығару 1,2%-ға өсті. Бұл ретте ыстық су тарифтері 3,5%-ға арзандады (7-кесте).


6-кесте. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеулери

7-кесте. Коммуналдық қызметтерді тұтыну бағаласының индексі, ж/ж

Реттелетін



Реттелмейтін



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


- Өндегу өнеркәсібіндегі бағалар өткен айдағы деңгейде қалды. Азық-түлік өндірісіндегі баға жылдық өсу қарқынының баяулатқаны байқалады
- Бидай бағасы үздіксіз арзандағандықтан, ауыл шаруашылығындағы бағасы төмендеді

2023 жылғы маусымда өндегу өнеркәсібіндегі өндіруші кәсіпорындар бағасының жылдық өсімі өткен айдағы деңгейде сақталды (2023 жылғы мамырда – 0,4%). Азық-түлік өнімдерінің ішінде сүт, қант, нан-тоқаш және макарон өнімдерін өндірушілердің бағасы қымбаттағаны баяулады, сонымен қатар үн-жарма өнімдерін, майларды өндірушілер бағасының төмендеуі жеделдеді. Сонымен қатар, ет өндірушілердің бағасының өсүі


жеделдеді. Азық-тұлік емес тауарлар тобында киім, жуатын және тазалайтын заттарды өндірушілердің бағасының өсуі баяулады. Сондай-ақ, фармацевтикалық өнімдер мен аяқ киім өндірушілерінің бағасының өсуін жеделдегенін атап өткен жөн.

Ауыл шаруашылығындағы бағалар арзандап жатыр және маусымда жылдық мәнде 3,2%-та тұсті (2023 жылғы мамырда 0,6%-та тұсті). Өсімдік шаруашылығында бидай мен қарақұмық, сондай-ақ жаңа піскен көкөністердің бағасы арзандап жатыр. Мал шаруашылығында ірі қара мен құс бағасы өсуде. Шикі сиыр сүті мен жұмыртқаның бағасы арзандап жатыр.

8-кесте. Өнеркәсіптегі бағалар



9-кесте. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Дереккөз: КР СЖРА ҰСБ